«Балбөбек» бөбекжай –бақшасы»

Бекітемін:

Меңгеруші: Шауменова. Р

Келісемін:

Әдіскер: Қалуова .А

# Ата - аналармен жұмыс жоспары

**Тәрбиешілер: Абиева. Т**

**Оспанова. С**

**2023-2024 Оқу жылы**

## Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың мақсаты:

Отбасы мен балабақша ынтымақтастығын нығайту. Ата-ананың балабақша өміріне қызығушылығын ояту. Ата-ананың баланың жеке қабілеттеріне, денсаулық жағдайларына, балабақшада беріліп жатқан сауықтыру шараларына, білім деңгейлеріне қызығушылығын дамыту. Балабақшада болып жатқан мерекелік шараларға ата-аналардың белсене қатысуына тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

*Ата-аналарға балабақшада болатын жаңалықтарды білдіру;

*Болып жатқан сауықтыруларға, ертеңгілік шараларға, жиналыстарға қатыстыру;

*Балабақшаға балаларды таза, күн тәртібін бұзбай, балабақша тәртібін сақтап әкелуге үйрету;

*Ата-аналарды өз ойларын сауалнамалар арқылы, жиналыстарда пікір,ұсыныстар арқылы білдіруге үйрету.

**Ата –анамен жүргізілетін жұмыс жоспары**

Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым – қатынасты нығайту, отбасында балаға ата – ананның ықпалын арттыру. Бала тәрбиесінде ата – ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру. Ата-аналармен тығыз байланыста болу .

| Р/с | Іс – шаралар тақырыбы | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | 1.Жиналыс<br>Ата – аналарды 2023 – 2024 оқу-жылының жоспары мен таныстыру.<br>«Баланың балабақшаға бейімделуі» кеңес<br>2. Ата – аналар комитетін сайлау. | Қыркүйек айы | Тәрбиешілер |
| 2 | 1. Күз мерекесіне арналған ертеңгілік<br>2. Кеңес: «Баланың өз-өзіне қызмет етуі». | Қазан айы | Тәрбиешілер |
| 3 | 1 Кеңес «Балаға қандай дәрумен керек?»<br>2. «Балабақша мен ата-ана бірлігі» | Қараша айы | Тәрбиешілер |
| 4 | 1. Ата-аналар жиналысы<br>2. Ата-аналарға арналған сауалнама<br>3. Тұмау және басқада аурулардың алдын алу.<br>Кеңес: «Тұмау өте қауіпті»<br><br>2. «Қош келдің Жаңа жыл» Ата-аналармен жыл кешін өткізу, сахнаны безендіру, ойындар ұйымдастыру. | Желтоқсан айы | Тәрбиешілер<br><br>Медбике |
| 5 | 1. Баяндама Тәрбие тал бесіктен<br>2. Бала неге өтірік айтады? кеңес | Қаңтар айы | Тәрбиешілер |
| 6 | 1. Баяндама «Тұйық бала қайдан шығады?» | Ақпан айы | Тәрбиешілер |
| 7 | 8-Наурыз, 22-Наурыз мерекесіне арналған ертеңгіліктеріне дайындық<br>Ата-аналар жиналысы | Наурыз | Тәрбиешілер |
| 8 | 1. Әңгіме: «Ойын өмір мектебі»<br>Кеңес: «Астан да алергия болады» | Сәуір | Тәрбиешілер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | Жиналыс:<br>1. «Алақай жаз келді!» жазғы сауықтыру шаралары және жылды қортындылау.<br>Ата-аналарға арналған 10 қағида | Мамыр айы | Тәрбиешілер<br><br>Психолог<br>Медбике |

10.09.2023ж. Хаттама №1

„Балбөбек" бөбекжай бақшасы МКҚК

„Күншуақ" тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Қатысқаны: 13
Қатыспағаны 4

Күн тәртібіндегі мәселелер

1. Ата-аналарды 2023-2024 оқу жылының жоспары мен таныстыру. „Кәнекей танысайық".
2. Ата-аналар комитетін сайлау.

Тыңдалды.

1. Бірінші мәселе бойынша 2023-2024 оқу жылының ұйымдастырылған оқу қызметімен таныстырылды.
Тәрбиешілер: Осланова С.
Абиева Т.

2. Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі балалар тізімін таныстырып, ата-аналар комитетінің мүшелерін сайлауға шақырды.

Ата-аналар бір ауыздан комитеттің төрайымы:
Қауметова Гүлхан

Мүшелері: Исаева Батима.
Нарынбаева Бибігүл.

2

Қаулы: 1. Ата-аналар мен тәрбиешілер өздеріне қойылған талаптарды өз деңгейінде орындалсын.
2. Ата-аналар комитетінің төрайымы: Қауметова Б.
Мүшелері: Исаева Б.
Нарынбаева Б.
болсын.

Төрайымы: Абиева Т.
Хатшы: Оспанова С.

20.09.2023 жыл.

№1 Хаттамасы

19.12.2023 ж.

Қатысқан ата-ана саны - 12
Қатыспағандар - 10.

Күн тәртібінде:

1. Ата-аналарға арналған сауалнама.

2. Тұмау және басқада аурулардың алдын алу.
Кеңес: „Тұмау өте қауіпті" мед. бике „Арыстанова Л.
3. „Қош келдің Жаңа жыл".
Ата-аналармен сұхбат.

Тыңдалды

1. Бірінші мәселе бойынша ата-аналардан сауалнама алынды.

2. Екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі ата-аналарға „Тұмау өте қауіпті" тақырыбында ақыл-кеңес берді.
мед.бике: Арыстанова Ләззат.

3. Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Абиева Тәттігүл „Қош келдің Жаңа жыл" ертеңгілікке дайындық туралы сөз қозғады. Осы мәселе бойынша ата-аналар өз ойларын қосып, жаңа жылдық сыйлық туралы айтты.

Қаулы: 1. Ата-аналар балалардың денсаулығына аса мән беріп, мұқият қаралсын. Баяндама бір ауыздан мақұлдансын.
2. Жаңа жыл мерекесінде техника қауіпсіздік ережелері қатаң сақталсын.
Төрайымы: Абиева Тәттігүл.
Хатшы: Оспанова Салтанат.

19.12.2023жыл.

## №3 Хаттамасы

5.03.2024ж.

Қатысқан ата-ана саны 18
Қатыспаған ата-ана 4

Күн тәртібінде:

1. 8 Наурыз - Халықаралық әйелдер күніне арналған ертеңгілікке дайындық.

2. 22 Наурыз - Наурыз мейрамына арналған іс-шаралардың ұйымдастыр.

3. Ата-аналарға жүктелетін міндеттер мен дайындық жұмыстары.

4. Түрлі мәселелер.

Тыңдалды

1. 8 Наурызға арналған ертеңгілікке дайындық туралы

Тәрбиеші Әбиева Тәттігүл алдағы „Ана - өмір шуағы" атты ертеңгіліктің өтетін күнін, уақытын және балалардың рөлдерін таныстырды. Балаларға би, ән, тақпақ дайындау жүргізіліп жатқанын айтты. Залдың безендірілуіне қажетті көрнекіліктер туралы ақпарат берілді.

2. 22 Наурыз - Наурыз мейрамы туралы

Тәрбиеші Оспанова Салтанат мейрамның мазмұны, ұлттық ойындар, сахналық көріністер жоспарымен таныстырды.
1. Наурыз көже дайындау.
2. Ұлттық тағамдар мен киімдер.
3. Балалардың рөлдік қойылымдары

туралы ата-аналарға ескертілді.

Қаулы етілді

1. 8 Наурыз мерекесі „7" наурыз күні сағат 10⁰⁰де өткізу.
   - Ата-аналарға:
   Балалардың мерекелік киімдерін дайындау.
   Залды безендіруге көмек (гүлдер, шарлар, фотозона)

2. 22 Наурыз мерекесін „20" наурыз күні сағат 10⁰⁰ де өткізу.
   - Ата-аналарға:
   Ұлттық тағамдар жеңу (келісім бойынша)
   Балаларға ұлттық киім дайындау.
   Ұлттық ойындарды өткізуге көмектесу.

3. Мерекелік іс-шараларға жауаптылар бекітілді:
   - Безендіру: Бітімбаева Гүлдана
   - Фото-бейне: Әнемуханбетова Айгүл
   - Тағам дайындау: Әуезова Айталшын

4. Түрлі мәселелер бойынша ұсыныстар қабылданды.

Жиналыс төрағасы: [signature] Әлиева Т.

Хатшы: [signature] Оспанова С.

5.03.2024 жыл.